GALAXY LINE GL2612 шағын пеші (ары қарай мәтін бойынша – пеш, құрал, электр құралы, тұмпапеш) – шағын пәтерлер мен саяжай шарттарында мінсіз шешім болып табылатын жинақы электрлі тұмпапеш. Тұмпапеш төрт қыздырғыш элементпен жабдықталған (екі астыңғы және екі үстіңгі). Тағам дайындау үшін қолданушыға 8 дайындаушы бағдарламаның бірін таңдау және бастау батырмасын басу жеткілікті болады – пеш уақыт пен температураның оңтайлы параметрлерін өздігінен орнатады. Одан басқа, қолданушы параметрлерді қолмен теңшей алады. Таңдалған бағдарлама сандық дисплейде бейнеленеді. Тұмпапеште ет, тосттарды, пиццаны дайындауға, көкөністерді, балықты қақтап пісіруге немесе бұқтырып пісіруге, қамырдан бәлішті және басқа да өнімдерді пісіруге болады. Шағын пеш дайындауды кейінге қалдыру атқарымымен, конвекциямен және электромеханикалық істікпен жабдықталған. Конвекциялық желдеткіш тұмпапештің барлық камерасы бойынша ыстық ауаның тұрақты айналымын қамтамасыз етеді, бұл бір уақытта екі – үш деңгейлерде пісіру мүмкіндігін береді, және бұл ретте тағамды бірқалыпты қыздыру орын алады. Кейінге қалдыру атқарымы қолданушыға белгілі бір уақытта тағам дайындау үшін қолайлы болады. Істік тауықты, қақтаманы және кәуапты дайындау үшін қолданылады. Ет барлық жағынан электрлі қозғалтқыштың, айналушы істіктің арқасында біркелкі пісіріледі. Тұмпапештің есігі «өзіңізге» ашылады. Тұмпапеште кіріктірілген жарықтандыру болады. Жиынтықта дайындауға қажетті барлығы бар - қаңылтыр таба, тор, істік және олар үшін ұстағыш.

**EAC** Аталған бұйым келесі талаптарға сәйкес болады: Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылдың 16 тамызындағы №768 Шешімімен бекітілген ТР ТС 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» Кеден одағының техникалық регламентіне; Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылдың 9 желтоқсанындағы №879 Шешімімен бекітілген ТР ТС 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі» Кеден одағының техникалық регламентіне; Кеден одағының Техникалық регламенті «Электрлік және радиоэлектрондық өнімдердегі қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» КО ТР 037/2016.

## 2 ТЕХНИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР

### 1 кесте

Параметрдің атауы	Мәні
Атаулы кернеу	220-240 В ~
Атаулы жиілік	50 Гц
Үстіңгі және астыңғы қыздырғыш элементтердің бір уақытта жұмысы кезінде тұмпапештің атаулы тұтынатын қуаты	2000 Вт
Үстіңгі қыздырғыш элементтің жұмысы кезінде тұмпапештің атаулы тұтынатын қуаты	1000 Вт
Астыңғы қыздырғыш элементтің жұмысы кезінде тұмпапештің атаулы тұтынатын қуаты	1000 Вт
Тұмпапештің көлемі	38 л
Қуат беру баусымының ұзындығы	88 см

## 3 ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҚ

### 2 кесте

Атауы	Саны
Шағын пеш	1 дана.
Қаңылтыр таба	1 дана.
Тор	1 дана.
Қаңылтыр таба мен тор үшін ұстағыш	1 дана.
Істіктің ұстағышы	1 дана.
Пайдалану жөніндегі нұсқаулық	1 дана.
Тұтынушылық ыдыс	1 дана.

## 4 ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ

### **Электр құралының қауіпсіз және тұрақты жұмысына келесі шарттардың сақталуы кезінде ғана кепіл беріледі:**

- 4.1 Электр құралын осы нұсқаулықта аталғандардан басқа мақсаттар үшін қолданбау керек. Құралмен жұмыс, оны сақтау және оған күтім жасау осы пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа қатаң сәйкес жүргізілуі керек.
- 4.2 Электр құралы өнеркәсіптік қолдануға арналмаған және тұрмыстық мақсаттарда ғана қолданыла алады.
- 4.3 Электр құралын, қуат беру баусымын немесе ашасын суға немесе басқа да сұйықтықтарға батырмаңыз. Желіге қосылған және жұмыс істеп тұрған құралды дымқыл қолдармен ұстамаңыз. Құралды ванна бөлмелерінің, шұңғылшалардың немесе сумен толтырылған басқа да ыдыстардың жанында қолданбаңыз.
- 4.4 Электр құралын ашық ауада, жылу көздеріне тікелей жақын жерде немесе ылғалдылығы жоғары бөлмежайларда қолданбаңыз.
- 4.5 Электр құралын егер жану немесе жарылыс қаупі бар болса, мәселен тез тұтанушы сұйықтықтар мен газдардың жанында қолданбаңыз.
- 4.6 Электр құралын қуат беру желісіне қосудың алдында желі параметрлерінің 220-240 В ~ 50 Гц мәніне сәйкес келетіндіктеріне көз жеткізу қажет.
- 4.7 Электр құралын электр желісінен ажыратудың алдында бағдарламаның өз жұмысын аяқтағанына көз жеткізіңіз немесе оны «БАСТАУ/ДОҒАРЫ» батырмасымен ажыратыңыз.
- 4.8 Электр құралын желіден ажырату кезінде баусымнан емес, ашадан ұстау керек.
- 4.9 Электр құралын егер ол қолданылмаса әрдайым желіден ажыратып отыру керек.
- 4.10 Сонымен бірге электр құралын кез келген ақаулықтар орын алған жағдайда және жұмыс аяқталғаннан кейін желіден ажырату керек. Жұмыс істеп тұрған құралды қараусыз қалдырмаңыз!
- 4.11 Егер ол тіпті желіден ажыратылған болса да, балаларға электр құралымен жанасуларына рұқсат бермеу керек.
- 4.12 Балалардың электр құралымен ойнауына жол бермеу үшін қарауда болулары керек.
- 4.13 Қуат беру баусымының және электр құралы корпусының бүтіндігін қадағалау қажет. Электр құралын бүлінудер болған кезде қолдануға тыйым салынады.
- 4.14 Қуат беру баусымы бүлінген кезде қауіптерге жол бермеу үшін оны дайындаушы немесе оның агенті, немесе аналогтік біліктік тұлға ауыстыруы керек. Қуат беру баусымын ауыстыру қолданыстағы тарифке сай авторландырылған сервистік орталықта жүзеге асырылады.
- 4.15 Электр құралын орнықты емес беттерге немесе электр құралдарына орналастырмаңыз, мәселен, тоңазытқышқа немесе орамал секілді материалдарға.
- 4.16 Электр құралының маңындағы еркін кеңістік әрбір бүйірлік жақтарынан, сонымен бірге үстінен ауаның еркін айналымы үшін кем дегенде 15 см құрауы керек. Желдеткіш саңылаулардың әрдайым таза болуларын қадағалаңыз. Жанына қандай да болмасын заттарды орналастырмаңыз. Желдеткіш саңылауларды мерзім-мерзім жинақталған шаңдардан тазалап отырыңыз.
- 4.17 Электр құралының бетіне қандай да болмасын заттарды сақтамаңыз. Жұмыс істеп тұрған электр құралын бірдеңемен жабуға тыйым салынады.
- 4.18 Электр құралын қолдану кезінде тек жылуға төзімді ыдысты және металдан жасалған ыдысты ғана қолдануға рұқсат етіледі. Электр құралына бөгде заттарды, пластиктен, жылуға төзімсіз шыныдан, қағаздан, ағаштан жасалған ыдысты және басқа да тез тұтанушы және нәзік матери-алдарды, сонымен бірге вакуумдық қаптамадағы өнімдерді орналастырмаңыз.
- 4.19 Электр құралына үлкен мөлшердегі ыдысты, сонымен бірге өнімдердің үлкен үлестерін орналастырмаңыз. Өнімдердің жоғарғы және бүйірлік қабырғаларына жанаспауларын қадағалаңыз, өйткені бұл өртке әкеліп соқтыруы мүмкін. Өнімдерді тұмпапештің тікелей қыздырғыш элементтеріне салмаңыз, ол үшін торды немесе қаңылтыр табаны қолданыңыз.
- 4.20 Электр құралының ішкі бөлігін әрдайым тазалықта ұстаңыз.
- 4.21 Ішінде дайындалып жатқан немесе дайын өнімдері бар электр құралын жылжытпаңыз.
- 4.22 Құралдың жұмысы кезінде қолжетімді беттердің температурасы жоғары болуы мүмкін. Күйіп қалуларды болдырмау үшін құралдың ыстық беттеріне жанаспаңыз. Қажет болған кезде тұтқыштарды немесе қолғаптарды қолданыңыз.
- 4.23 Тұмпапештің ыстық шынысына судың тиіп кетпеуін қадалаңыз, себебі бұл жағдайда шыны жарылуы мүмкін. Құралдың есікшесін тек тұтқасынан, біркелкі және соққысыз ашыңыз және жаппаңыз. Электр пешінің ашық есікшесіне ештеңе қоймаңыз.
- 4.24 Электр құралымен жеткізілмеген керек-жарақтарды қолдану қауіпті болуы және электр құралының бұзылуына әкеліп соқтыруы мүмкін.
- 4.25 Электр құралының тұмпапешінде жану орын алған жағдайда бағдарламаның жұмысы кезінде оны «БАСТАУ/ДОҒАРУ» батырмасын басумен сөндіріңіз, және оны электр желісінен ажыратыңыз.
- 4.26 Құрал сыртқы таймерден немесе қашықтан басқарудың жеке жүйесінен жұмыс істеуге арналмаған.
- 4.27 Аталған үлгі 0-ден +40°C-қа дейінгі жұмыс температураларының ауқымындағы қоңыржай климатта және 80%-дан аспайтын ауаның салыстырмалы ылғалдылығында жұмыс істеуге арналған.


**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Құрал физикалық, сенсорлық немесе ойлау қабілеттері төмендеген немесе оларда өмірлік тәжірибе мен білімдері болмаса, егер олар қарауда болмаса немесе оларға олардың қауіпсіздігіне жауапты тұлғалар арқылы құралды қолдану жөніндегі нұсқамалық жүргізілмесе, тұлғалармен балаларды қоса алғанда) қолданылуға арналмаған.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Ешбір жағдайда электр құралын алкогольдік немесе есірткілік масаю шарттарында, немесе ақиқатты объективті қабылдауға кедергі жасаушы басқа да шарттарда қолданбау керек, және құралды осындай күйдегі немесе шарттардағы адамдарға сеніп тапсырмау керек!


**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Аталған пайдалану жөніндегі нұсқаулық осы құралды пайдалану процесінде орын алуы мүмкін штаттық емес оқиғалардың барлығын бірдей қарастыра алмайды. Қолданушы электр құралымен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасы шараларын өздігінен сақтауы керек!



## 5 ЭЛЕКТР ҚҰРАЛЫНЫҢ АТҚАРЫМДЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕРІ



1 сур. Жалпы түрі



2 сур. Басқару панелі

1. Тұмпапештің есікшесі
2. Басқару панелі
3. Сандық дисплей
4. Корпус
5. Есікшенің тұтқасы
6. Үстіңгі деңгей
7. Орта деңгей
8. Астыңғы деңгей
9. Қуат беру баусымы
10. Аяқшалар
11. Қаңылтыр таба және тор үшін ұстағыш
12. Тор
13. Қаңылтыр таба
14. Дайындауды кейінге қалдыру индикаторы
15. Конвекцияның жұмыс индикаторы
16. Ішкі жарықтандыру шамының жұмыс индикаторы
17. Цельсий градустарында дайындау температурасы
18. Дайындау уақыты (сағаттар:минуттар)
19. «ҮСТІҢГІ ҚЫЗДЫРУ» бағдарламасының индикаторы
20. «АСТЫҢҒЫ ҚЫЗДЫРУ» бағдарламасының индикаторы
21. «ҚЫЗДЫРУ» бағдарламасының индикаторы
22. «МҰЗЫН ЕРІТУ» бағдарламасының индикаторы
23. «ПІСІРУ» бағдарламасының индикаторы
24. «БАЛЫҚ» бағдарламасының индикаторы
25. «ЕТ» бағдарламасының индикаторы
26. Үстіңгі қыздырғыш элементтердің жұмыс индикаторы
27. Астыңғы қыздырғыш элементтердің жұмыс индикаторы
28. «ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ДАЙЫНДАУ» батырмасы
29. «УАҚЫТ/ТЕМПЕРАТУРА» батырмасы
30. Уақытты және температураны реттеу батырмалары «+» және «-»
31. «ТАҢДАУ» батырмасы
32. «КОНВЕКЦИЯ» батырмасы
33. «ТАЙМЕР» батырмасы
34. «БАСТАУ/ДОҒАРУ» батырмасы
35. «ІСТІК» бағдарламасының индикаторы
36. Істік
37. Істікті ұстағыш
38. Істікті орнатуға арналған саңылау

Шағын пеш электрлі тұмпапешті білдіреді. Тұмпапештен оң жақта сегіз сенсорлық батырмалардан тұратын басқару блогы орналасқан: «ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ДАЙЫНДАУ» (28), «УАҚЫТ/ТЕМПЕРАТУРА» (29), «ТАҢДАУ» (31), «КОНВЕКЦИЯ» (32), «ТАЙМЕР» (33), «БАСТАУ/ДОҒАРУ» (34), Уақытты және температураны реттеу батырмалары «+» және «-» (30). Олардың астында қызудың температурасын (17), Дайындау аяқталғанша дейінгі уақытты (18), дайындауды кейінге қалдыру индикаторын (14), конвекцияны (15), ішкі жарықтандыру шамын (16), дайындау бағдарламаларын (19-25, 35), қыздырғыш элементтердің жұмысын (26, 27) бейнелеуші сандық дисплей (3) орналасқан. Электр құралының бүйірлері және жоғарғы бөліктері бойынша ыстық ауаны бұру үшін көптеген желдеткіш саңылаулар орналасқан. Астында жақсы орнықтылықпен қамтамасыз етуші 4 аяқшалар (10) орналасқан. Тұмпапештің ішінде төрт қыздырғыш элемент орналасқан, екеуі үстінде және екеуі астында, ал бүйірлері бойынша қаңылтыр табаны (13) немесе торды (12) орнату үшін үш бағыттаушы деңгейлерді (астыңғы (8), үстіңгі (7) және орта (6)) көруге болады. Сонымен бірге тұмпапештің ішінде істікті (26) орнату үшін саңылау (38) болады. Тұмпапеш тұтқамен (5) жылуға төзімді шыныдан жасалған есікшемен (1) жабдықталған.

## 6 ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДАУ

6.1 Қаптау материалын (бар болған кезде) алып тастаңыз.

6.2. Жиынтықта жеткізілетін барлық керек-жарақтарды шығарыңыз, және оларды ыдысты жууға арналған құралды және жұмсақ шүберекті немесе сорғыштарды қолданумен жуыңыз.

### Ескерту

1. Пешті бірінші рет қолданудың алдында өндірістік шаңды және басқа да ластануларды жою үшін оны қыздырып алу керек. Тұмпапештің іші бос екендігіне көз жеткізіңіз (өнімдермен ыдыстың, қаңылтыр табаның (13) тордың (12), істіктің (36) немесе олардың ұстағыштарының (11, 37) орнатылмағанына).

2. Тазалау үшін металл бұйымдарды және қажақты құралдарды қолданбаңыз, бұл жабынды бүлдіруі мүмкін;

6.3 Барлық керек-жарақтарды құрғатып сүртіңіз;

6.4 Электр құралының ішкі және сыртқы беттерін құрғақ шүберекпен әбден сүртіңіз;

6.5 Құралды тегіс, құрғақ және орнықты бетке орнатыңыз және қуат беру баусымының (9) ашасын желіге қосыңыз. Дыбыстық сигнал шығады. «БАСТАУ/ДОҒАРУ» (34), «ТАҢДАУ» (31), «ТАЙМЕР» (33) және «ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ДАЙЫНДАУ» (28) батырмаларының индикациясы жанады;

6.6 «ТАҢДАУ» (31) батырмасын басумен «ҚЫЗДЫРУ» бағдарламасын орнатыңыз. Дисплей (3), «ҚЫЗДЫРУ» бағдарламасының индикаторы (21) және «ҮСТІҢГІ ҚЫЗДЫРУ» (26) және «АСТЫҢҒЫ ҚЫЗДЫРУ» (27) қыздырғыш элементтерінің жұмыс индикаторлары жанады. Дайындау бағдарламасы жылтылдайтын болады. «ҚЫЗДЫРУ» бағдарламасы үшін әдепкі қалпы бойынша уақыт 0:20 (сағаттар:минуттар), температура әдепкі қалпы бойынша - 220°C. құрайды;

6.7 Бағдарлама уақытын таңдаңыз. «-» (30) батырмасының көмегімен 0:10 уақытын таңдаңыз;

6.8 Қызу температурасын таңдаңыз. «УАҚЫТ/ТЕМПЕРАТУРА» (29) батырмасын басыңыз, «+» (30) батырмасының көмегімен 230°C температурасын таңдаңыз;

6.9 «БАСТАУ/ДОҒАРУ» (34) батырмасын басыңыз. Шағын пеш жұмыс істеуін бастайды және 10 минут аяқталғаннан кейін дыбыстық сигналмен жұмыстың аяқталуы жөнінде хабарлаумен ажыратылады;

6.10 Құралды суытыңыз;

6.11 Электр құралының ішкі және сыртқы беттерін құрғақ шүберекпен мұқият сүртіңіз;

6.12 Құрал қолдануға дайын.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Шағын пешті бірінші рет іске қосу кезінде иіс пен түтін пайда болуы ықтимал. Бұл қауіп төндірмейді және құралдың бұзылу белгісі болып табылмайды. Іске қосудан кейін бірнеше минут өткен соң түтін мен иіс жоғалады.

## 7. ЭЛЕКТР ҚҰРАЛЫН ПАЙДАЛАНУ

### 7.1 Басқару панелі

Шағын пештің басқару панелі (2) сегіз батырмалардан тұрады:

- ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ДАЙЫНДАУ (28): «МҰЗЫН ЕРІТУ», «ПІСІРУ», «ЕТ» және «БАЛЫҚ» бағдарламалары үшін осы батырманы басыңыз.

- УАҚЫТ/ТЕМПЕРАТУРА (29): Уақыт үшін – уақытты 1 минутқа арттыру үшін «+» басыңыз, уақытты 1 минутқа кеміту үшін «-» басыңыз. «+» ұстап басу кезінде уақыт 1 мин. қадамымен 0:30 (сағаттар:минуттар) дейін, 5 мин. 0:30 бастап артатын болады, «-» ұстап басу кезінде уақыт 1 мин. қадамымен 0:30 бастап, 5 мин. бастап 0:30 дейін кемітетін болады.

• Температура үшін – температураны 1°C-қа арттыру үшін «+» басыңыз, температураны 1°C-қа кеміту үшін «-» басыңыз. «+» басып ұстап тұру кезінде температура 5°C-та қадаммен артатын болады, «-» басып ұстау кезінде температура 5°C-та қадаммен кемітетін болады.

- «+» және «-» (30): бағдарламаның әдепкі қалпы бойынша уақыты мен температурасын өзгерту үшін, сонымен бірге дайындауды кейінге қалдыруды орнату үшін қолданылады.

- ТАҢДАУ (31): осы батырманы «ҮСТІҢГІ ҚЫЗДЫРУ», «АСТЫҢҒЫ ҚЫЗДЫРУ», «ҚЫЗДЫРУ» және «ІСТІК» бағдарламаларын таңдау үшін басыңыз. - КОНВЕКЦИЯ (32): «ҮСТІҢГІ ҚЫЗДЫРУ», «АСТЫҢҒЫ ҚЫЗДЫРУ», «ҚЫЗДЫРУ» және «ІСТІК» бағдарламалары үшін конвекцияны іске қосу үшін қолданылады.

- ТАЙМЕР (33): аталған батырма дайындауды кейінге қалдыру уақытын 0:01 (сағаттар:минуттар) бастап 24:00-ге дейін қандай да болмасын бағдарламаны таңдау үшін орнатуға арналған. Әдепкі қалпы бойынша дайындауды «КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРУ» 0:10 құрайды.

- БАСТАУ/ДОҒАРУ (34): аталған бағдарламаны бағдарламаны әрекетін бастау немесе оны доғару үшін қолданыңыз.

### 7.2 Дайындау бағдарламалары

Сіздің қарамағыңызда тағамды дайындаудың әр түрлі тәсілдері үшін арналған сегіз бағдарлама болады. Дайындау бағдарламаларының толығырақ сипаттамасы 3-ші кестеде берілген.

## 3 кесте

Дайындау бағдарламасының атауы	Уақытты таңдау ауқымы (сағаттар: минуттар)	Әдепкі қалпы бойынша уақыт (сағаттар: минуттар)	Темпера - тураны таңдау ауқымы	Әдепкі қалпы бойынша температура	Үстіңгі қыздыру	Астыңғы қыздыру	Әдепкі қалпы бойынша конвекция
Үстіңгі қыздыру	0:01-2:00	0:45	80°C-200°C	180°C	бар	жоқ	сөндірулі
Астыңғы қыздыру	0:01-2:00	1:00	80°C-200°C	160°C	жоқ	бар	сөндірулі
Қыздыру	0:01-2:00	0:20	80°C-230°C	220°C	бар	бар	сөндірулі
Істік	0:01-2:00	0:45	80°C-200°C	180°C	бар	жоқ	сөндірулі
Мұзын еріту	0:01-10:00	0:40	25°C-80°C	30°C	жоқ	бар	іске қосулы
Пісіру	0:01-2:00	0:20	140°C-170°C	160°C	бар	бар	іске қосулы
Балық	0:01-2:00	0:25	160°C-190°C	180°C	бар	бар	іске қосулы
Ет	0:01-2:00	1:00	180°C-230°C	200°C	бар	бар	іске қосулы

**7.3 «МҰЗЫН ЕРІТУ», «ПІСІРУ», «ЕТ» және «БАЛЫҚ» бағдарламаларын қолдану**

• Құралды тегіс, құрғақ және орнықты бетке орнатыңыз және қуат беру баусымын (9) желіге қосыңыз. Дыбыстық сигнал шығады, сандық дисплей (3) сөндірілетін болады, «ТАЙМЕР» (33), «ТАҢДАУ» (31), «БАСТАУ/ДОҒАРУ» (34) және «ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ДАЙЫНДАУ» (28) батырмаларының индикациялары жұмыс істейтін болады;

**Ескерту** – Егер батырмалар бір минуттың ішінде басылмаса, шағын пеш күту режиміне өтеді. Бұл жағдайда «БАСТАУ/ДОҒАРУ» (34) батырмаларының индикациялары ғана іске қосылатын болады.

• Оның тұтқасынан (5) ұстай отырып, тұмпапештің есікшесін (1) ашыңыз;

• Торды (12) немесе қаңылтыр табаны (13) тұмпапештің деңгейлерінің біріне (6, 7 немесе 8) орнатыңыз. Егер Сіз торды (12) қолдансаңыз, қаңылтыр табаны (13) тордан (12) ағушы сұйықтықты жинау үшін астыңғы деңгейге (8) орнатыңыз; Ескерту – Торды (12) немесе қаңылтыр табаны (13) тұмпапешке орналастыру немесе тұмпапештен шығару үшін ұстағышты (11) және тұтқыштарды қолданыңыз.

• Өнімдерді торға (12) немесе қаңылтыр табаға (13) орналастырыңыз;

• Оның тұтқасынан (5) ұстаумен тұмпапештің есікшесін (1) жабыңыз;

• «МҰЗЫН ЕРІТУ», «ПІСІРУ», «ЕТ» және «БАЛЫҚ» режимдерін «ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ДАЙЫНДАУ» (28) батырмасын басумен таңдаңыз;

**Ескерту** – «МҰЗЫН ЕРІТУ», «ПІСІРУ», «ЕТ» және «БАЛЫҚ» бағдарламалары үшін әдепкі қалпы бойынша іске қосылған конвекцияны ажыратуға болмайды.

• Дайындау уақыты дисплейде (3) жылтылдайтын болады. «+» және «-» (30) батырмаларын басумен дайындаудың қалаулы уақытын орнатыңыз немесе әдепкі қалпы бойынша дайындау уақытын қалдырыңыз;

• «УАҚЫТ/ТЕМПЕРАТУРА» (29) батырмасын басыңыз. Дайындау температурасы дисплейде (3) жылтылдайтын болады. Сіз «+» және «-» (30) батырмаларының көмегімен дайындаудың қалаулы температурасын орната немесе әдепкі қалпы бойынша дайындау температурасын қалдыра аласыз;

• Бағдарламаның жұмысын бастау үшін «БАСТАУ/ДОҒАРУ» (34) батырмасын басыңыз;

**Ескерту**

1 Бағдарламаның жұмысын оның аяқталуына дейін тоқтату үшін «БАСТАУ/ДОҒАРУ» (34) басыңыз.

2 Ішкі жарықтандыру шамы бағдарламаның жұмысы басталуынан кейін 10 минуттан соң сөнөді және бағдарламаның жұмысы аяқталуына 10 минут қалғанда іске қосылады.

3 «БАСТАУ/ДОҒАРУ» (34) басқа барлық батырмалар бұғатталатын болады және дайындау бағдарламасы аяқталғаннан кейін немесе оны мәжбүрлі тоқтатудан кейін бұғаттан шығарылады.

4 Сіз бағдарламаның жұмысы кезінде температураны, жұмыс уақытын және конвекцияны теңшеуді жүзеге асыра алмайсыз. Аталған параметрлерді қайта теңшеу үшін бағдарламаны «БАСТАУ/ДОҒАРУ» (34) батырмаларының көмегімен ажырату және қайта теңшеуді қайта орындау қажет.

• Дайындау бағдарламасы аяқталғаннан кейін дыбыстық сигнал дыбысталады және бағдарлама ажыратылады;

**Ескерту** – Егер батырмалар бір минуттың ішінде басылмаса, шағын пеш күту режиміне өтеді. Бұл жағдайда «БАСТАУ/ДОҒАРУ» (34) батырмаларының индикациялары ғана іске қосылатын болады.

• Қуат беру баусымының (9) ашасын желіден ажыратыңыз;

- Тұмпапештен дайындалған тағамды шығарыңыз.

#### **7.4 «ҚЫЗДЫРУ», «ҮСТІҢГІ ҚЫЗДЫРУ», «АСТЫҢҒЫ ҚЫЗДЫРУ» және «ІСТІК» бағдарламаларын қолдану**

• Құралды тегіс, құрғақ және орнықты бетке орнатыңыз және қуат беру баусымын (9) желіге қосыңыз. Дыбыстық сигнал шығады, сандық дисплей (3) сөндірілетін болады, «ТАЙМЕР» (33), «ТАҢДАУ» (31), «БАСТАУ/ДОҒАРУ» (34) және «ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ДАЙЫНДАУ» (28) батырмаларының индикациялары жұмыс істейтін болады;

**Ескерту** – Егер батырмалар бір минуттың ішінде басылмаса, шағын пеш күту режиміне өтеді. Бұл жағдайда «БАСТАУ/ДОҒАРУ» (34) батырмаларының индикациялары ғана іске қосылатын болады.

- Оның тұтқасынан (5) ұстай отырып, тұмпапештің есікшесін (1) ашыңыз;
- «ҚЫЗДЫРУ», «ҮСТІҢГІ ҚЫЗДЫРУ», «АСТЫҢҒЫ ҚЫЗДЫРУ» және «ІСТІК» бағдарламаларын қолдану кезінде торды (12) немесе қаңылтыр табаны (13) тұмпапештің деңгейлерінің біріне (6, 7 немесе 8) орнатыңыз. Егер Сіз торды (12) қолдансаңыз, қаңылтыр табаны (13) тордан (12) ағушы сұйықтықты жинау үшін астыңғы деңгейге (8) орнатыңыз. Өнімдерді торға (12), қаңылтыр табаға (13) орналастырыңыз;
- «ІСТІК» бағдарламасын қолдану кезінде істікті алдын-ала тізбектелген өнімдермен істікке арналған саңылауға (38) орнатыңыз, ал қаңылтыр табаны (13) сұйықтықты жинау үшін астыңғы деңгейге (8) орнатыңыз;

**Ескерту** – Торды (12), қаңылтыр табаны (13) немесе істікті (36) тұмпапешке орналастыру немесе тұмпапештен шығару үшін істікке арналған ұстағышты (37) және тұтқыштарды қолданыңыз.

- Оның тұтқасынан (5) ұстаумен тұмпапештің есікшесін (1) жабыңыз;
- «ТАҢДАУ» батырмасын басумен «ҚЫЗДЫРУ», «ҮСТІҢГІ ҚЫЗДЫРУ», «АСТЫҢҒЫ ҚЫЗДЫРУ» және «ІСТІК» режимін таңдаңыз;
- Дайындау уақыты дисплейде жылтылдайтын болады. «+» және «-» (30) батырмаларын басумен дайындаудың қалаулы уақытын орнатыңыз немесе әдепкі қалпы бойынша дайындау уақытын қалдырыңыз;
- «УАҚЫТ/ТЕМПЕРАТУРА» (29) батырмасын басыңыз. Дайындау температурасы дисплейде (3) жылтылдайтын болады. Сіз «+» және «-» (30) батырмаларының көмегімен дайындаудың қалаулы температурасын орната немесе әдепкі қалпы бойынша дайындау температурасын қалдыра аласыз;
- Сіз әдепкі қалпы бойынша ажыратылған конвекцияны іске қоса аласыз. Ол үшін «КОНВЕКЦИЯ» (32) батырмасын басыңыз – дисплейде (3) конвекция индикаторы (15) жанады;
- Бағдарламаның жұмысын бастау үшін «БАСТАУ/ДОҒАРУ» (34) батырмасын басыңыз. Дисплей (3) дайындаудың аяқталуына дейін қалған уақытты және қызу температурасын көрсетеді. Таңдалған бағдарламаның және қыздырғыш элементтің индикаторлары жанып тұратын болады;

#### **Ескерту**

- 1 Бағдарламаның жұмысын оның аяқталуына дейін тоқтату үшін «БАСТАУ/ДОҒАРУ» (34) басыңыз.
- 2 Ішкі жарықтандыру шамы бағдарламаның жұмысы басталуынан кейін 10 минуттан соң сөнеді және бағдарламаның жұмысы аяқталуына 10 минут қалғанда іске қосылады.
- 3 «БАСТАУ/ДОҒАРУ» (34) басқа барлық батырмалар бұғатталатын болады және дайындау бағдарламасы аяқталғаннан кейін немесе оны мәжбүрлі тоқтатудан кейін бұғаттан шығарылады.
- 4 «ІСТІК» бағдарламасы расталғаннан кейін істік автоматты түрде айнала бастайды және оның аяқталуынан кейін тоқтатылады.

- Дайындау бағдарламасы аяқталғаннан кейін дыбыстық сигнал дыбысталады және бағдарлама ажыратылады;

**Ескерту** – Егер батырмалар бір минуттың ішінде басылмаса, шағын пеш күту режиміне өтеді. Бұл жағдайда «БАСТАУ/ДОҒАРУ» (34) батырмаларының индикациялары ғана іске қосылатын болады.

- Қуат беру баусымының (9) ашасын желіден ажыратыңыз;
- Тұмпапештен дайындалған тағамды шығарыңыз.


#### **7.5 Дайындауды кейінге қалдыру**

**Ескерту** – Аталған атқарым егер Сіз тағам белгілі бір уақытта дайындалғанын қаласаңыз қолданылады. Әрекеттер тәртібі Сіздің орнатқыңыз келген бағдарламаға байланысты қайталанатын болады, дайындауды кейінге қалдыру бағдарламаны және басқа да көрсеткіштерді таңдауға дейін орнатылуы керек болатын жағдайды есепке алмағанда.

- Құралды тегіс, құрғақ және орнықты бетке орнатыңыз және қуат беру баусымын (9) желіге қосыңыз. Дыбыстық сигнал шығады, сандық дисплей сөндірілетін болады, «ТАЙМЕР» (33), «ТАҢДАУ» (31), «БАСТАУ/ДОҒАРУ» (34) және «ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ДАЙЫНДАУ» (28) батырмаларының индикациялары жұмыс істейтін болады;
- «ТАЙМЕР» (33) батырмасын басыңыз. Дисплейде әдепкі қалпы бойынша 0:10 (сағаттар:минуттар) дайындауды кейінге қалдыру және дайындауды кейінге қалдыру индикаторы (14) пайда болады;
- «+» және «-» (30) батырмаларының көмегімен қалаулы дайындауды кейінге қалдыруды орнатыңыз;
- Қажетті дайындау бағдарламасын және басқа да параметрлерді таңдаңыз (7.3, 7.4 т. қар.);
- «БАСТАУ/ДОҒАРУ» (34) батырмасын басыңыз. Дисплей (3) дайындауды кейінге қалдыру әрекетіне дейінгі қалған уақытты көрсетеді. Ескерту – Ішкі жарықтандыру шамы бағдарламаның жұмысы басталуынан кейін 10 минуттан соң сөнеді және бағдарламаның жұмысы аяқталуына 10 минут қалғанда іске қосылады.

### 7.6 Істікті орнату

- «ІСТІК» режимін қолдану кезінде істікті орнату үшін 3-8 сур. жүгініңіз.



## 8 ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

### 8.1 Тазалау және күтім жасау

- Тазалаудың алдында электр құралын желіден ажыратыңыз және оны толықтай суытыңыз;
- Электр құралының корпусын (4) дымқыл шүберекпен сүртіңіз және құрғатып сүртіңіз;
- Ішкі қабырғаларды және тұмпапештің есікшесін (1) дымқыл ысқышпен немесе шүберекпен сүртіңіз, сосын құрғатып сүртіңіз;

**Ескерту** – Ішкі қабырғалардың және тұмпапештің есікшесі (1) қатты ластанған жағдайда аздаған мөлшердегі жуғыш құралды қолданыңыз, осыдан кейін оны ластанулармен бірге дымқыл шүберектің немесе ысқыштың көмегімен әбден кетіріңіз және құрғатып сүртіңіз;

- Керек-жарақтарды (ұстағыштар (11, 37), қаңылтыр таба (13), тор (12) және істік (36)) ыстық суда жуғыш құралды қолданумен жуыңыз. Керек-жарақтар ыдыс-аяқ жуатын машинада жууға жарамды;

**Ескерту** – Электр құралын тазалау үшін қажақты тазартқыш құралдарды, металл шөткелерді және электр құралының жабынын және керек-жарақтарын бүлдіруі мүмкін басқа да заттарды қолданбаңыз.

### 8.2 Ұсыныстар

- Егер электр құралы істен шықса, оны өздігіңізден жөндеуге тырыспаңыз. Авторландырылған сервистік орталыққа жүгіну үзілді-кесілді ұсынылады.

## 9 САҚТАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Бұйымды 0°C-тан +40°C-қа дейінгі қоршаған ортаның температурасы кезінде және 80%-дан аспайтын ауаның салыстырмалы ылғалдылығында сақтау керек. Бүлінудерді болдырмау үшін бұйымды тек зауыттық қаптамада ғана тасымалдаңыз. Тасымалдаудан немесе төмендетілген температурада сақтаудан кейін бұйымды оны бөлме температурасында кем дегенде екі сағаттай ұстау керек.

9.1 Бұйымды тиеу, түсіру және сақтау кезінде пайдалану жөніндегі нұсқаулықта мазмұндалғандардан басқа келесі талаптарды басшылыққа алу керек:

9.1.1 Бұйымның бүлінуіне және/немесе оның қаптамасының бұзылуына әкеліп соқтыруы мүмкін елеулі механикалық жүктемелерге бұйымды ұшыратуға тыйым салынады;

9.1.2 Бұйымның қаптамасына судың және басқа да сұйықтықтардың тиіп кетулерін болдырмау қажет.

Пайдалануда болған бұйымды теріс температурада тасымалдаудың немесе сақтауға берудің алдында бұйымда судың жоқтығына көз жеткізу қажет. Бұйымның барлық беттері құрғақ болулары керек. Бұйымды температураның елеулі айырмаларынан және тікелей күн сәулелерінен қорғаңыз.

### 9.2 Кәдеге жарату



Бұйымды қате кәдеге жарату қоршаған ортаға орны толғысыз зиян келтіреді. Ақаулы бұйымды сонымен бірге пайдаланылған қуат беру элементтерін тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтырмаңыз. Осы мақсаттар үшін мамандандырылған кәдеге жарату орталығына жүгініңіз. Сіз тұрмыстық бұйымдарды, жабдықтарды және пайдаланылған қуат беру элементтерін қайта өңдеуге қабылдаушы бекеттердің мекен-жайларын Сіздегі елді мекендегі муниципалдық қызметтен ала аласыз.

## 10 ҚЫЗМЕТТІК МЕРЗІМІ

Аталған бұйым осы нұсқаулықта көрсетілген барлық талаптарды сақтау кезінде кем дегенде 3 жыл жұмыс істеуі керек. Дайындаушы сатып алушылардың назарын бұйымды жеке мақсаттар аясында пайдалану кезінде және осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықта келтірілген қолдану ережелерінің сақталуы бұйымның осы нұсқаулықта аталған қызметтік мерзімін айтарлықтай ұзартуы мүмкін екендігіне аудартады. Дайындаушы өзіне құрылымына және жиынтықтылауға бұйымның пайдаланушылық қасиетін нашарлатпайтын өзгерістерді енгізу құқығын қалдырады.

**Құралдың қызметтік мерзімі 3 жылды құрайды.**

## 11 БЫҚТИМАЛ АҚАУЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ ӘДІСТЕРІ

Егер электр құралы істен шықса, оны өздігіңізден жөндеуге тырыспаңыз. Міндетті түрде авторландырылған сервистік орталыққа баруды ұсынамыз.

## 12 ДАЙЫНДАУШЫНЫҢ КЕПІЛДЕМЕСІ

**Сіздің назарыңызды кепілдік мерзімнің ішінде келісідей шарттардың сақталуы кезінде электр құралының тегін сервистік қызмет көрсетуге немесе жөндеуге қабылданатындығына аударамыз:**

Сіздің назарыңызды барлық кепілдікті мерзімнің ішінде электр құралы келесі шарттардың сақталуы кезінде тегін сервистік қызмет көрсетуге немесе жөндеуге қабылданатын болатындығына аудартамыз:

Кепілдікті міндеттеме онда сатылған күні, сериялық нөмірі, сатушы ұйымның мөрі (мөртабаны), сатушының қолы көрсетілген дұрыс толтырылған кепілдік талоны болған кезде жүзеге асырылады. Сізде дұрыс толтырылған кепілдік талоны болмаған кезде біз Сіздің аталған бұйымның сапасы бойынша наразылықтарыңыздан бас тартуға мәжбүр боламыз. Түсінбеушіліктерді болдырмау үшін Сізден бұйыммен жұмысты бастауды алдында пайдалану жөніндегі нұсқаулықпен танысып шығуды өтінеміз.

Сіздің назарыңызды бұйымның тек тұрмыстық тағайындалуына аударамыз.

Кепілдік шарттары иегердің үйінде мезгілдік техникалық қызмет көрсетуді қарастырмайды.

Осы кепілдікті шарттардың құқықтық негізі қолданыстағы Ресей Федерациясының заңнамасы, атап айтқанда, «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Федералдық Заңның соңғы редакциясы және Ресей Федерациясының Азаматтық кодексі болып табылады.

Бұйымның пайдаланудың кепілдікті мерзімі 24 айды құрайды. Бұл мерзім бөлшек сауда желісі арқылы сатып алынған күннен бастап есептеледі. Біздің кепілдікті міндеттемелер тек кепілдікті мерзімнің ішінде анықталған және өндірістік технологиялық және конструктивтік ақаулармен шарттас, яғни компания-дайындаушы арқылы жол берілген ақауларға ғана таралады.

### **12.1 Кепілдік міндеттемелер келесілерге таралмайды:**

12.1.1 Келесінің нәтижесінде орын алған ақаулықтар:

- қолданушының пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың ұйғарымдарын сақтамауы;
- сыртқы немесе кез келген басқа әсерлерден шақырылған механикалық бүлінулер;
- бұйымды тағайындалуы бойынша қолданбау;
- бұйымға жаңбыр, қар, жоғары ылғалдылық, қызу, агрессивтік орталар, қуат беруші электр желісі параметрлерінің пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына сәйкессіздігі секілді жағымсыз атмосфералық және сыртқы әсерлер;
- аталған үлгінің технологиялық конструкциялары арқылы қарастырылмаған, өндіруші арқылы ұсынылмаған немесе мақұлданбаған керек-жарақтарды, шығын материалдарын және косалқы бөлшектерді қолдану.

12.1.2 Ашуға, жөндеуге немесе түрлендіруге оларға уәкілетті емес тұлғалар арқылы ұшыраған бұйымдар.

12.1.3 Бұйымды лайықсыз сақтаудың немесе қараудың салдарында пайда болған ақаулықтар:

- бұйымның металл элементтерінде тоттардың болуы;
- қуат беру баусымының үзілулері мен кесіктері;
- сызаттар, жарықшақтар, корпустың, бұйымның пластик бөліктерінің күшті үйкелістері және т.б.

12.1.4 Бұйымның асқын жүктелуінің нәтижесінде пайда болған, құралдың істен шығуына әкеліп соқтырған ақаулықтар.

12.1.5 Сериялық нөмірі оқылмайтын бұйымға.

12.1.6 Мезгілдік ауыстыруға жататын шығын материалдары, алынбалы бөлшектер, тораптар, сонымен бірге керек-жарақтар мен электр құралымен жиынтықта бірге жеткізілетін

толымдаушылар (қаңылтыр таба, тор, қаңылтыр таба мен тор үшін ұстағыш, істік, істікті ұстағыш).

**12.1.7 Асқын жүктелудің сөзсіз белгілеріне жататындар:**

- бұйымның бөлшектері мен тораптарының деформациялануы мен балқуы;
- сымдарды оқшаулағыштардың қарауы немесе күйі.

Сіздің назарыңызды бұйымды сервистік орталыққа және одан жеткізудің соңғы тұтынушы (иегері) арқылы немесе оның қаражатының есебінен жүзеге асырылатындығына аудартамыз.

Құралға кепілдік жағдайды орнату бойынша техникалық куәландыру тек авторландырылған сервистік орталықта ғана жүргізіледі. Сервистік орталықтардың тізімін сатушыдан немесе **www.galaxy-tecs.ru** сайтынан білуге болады.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Бұйымды сатып алу кезінде жиынтықтылығы мен дұрыстығын тексеруді, сонымен қатар кепілдік талонның дұрыс толтырылуын талап етіңіз.

## 13 ӨЗГЕ АҚПАРАТ

**Импорттаушы:** «Союз» ЖШҚ.

**Мекенжай:** 432048, Ресей Ульяновск қ., Локомотивная көш., 14.

**Дайындаушы:** Кингда Импорт энд Экспорт Трейдинг Лимитид оф Чжуншань

**Мекен-жай:** Рум 202, № 23, Наньянь руд, Шики, Чжуншань, Гуандун, Қытай  
ҚХР жасалған.

**Дайындалған күні сериялық нөмірде көрсетілген. Дайындаушының стандартына сәйкес сериялық нөмір келесілерден тұрады: тапсырыс нөмірі / дайындалған айы мен жылы / бұйымның топтамдағы реттік нөмірі.**